

2021-2022 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының есебі.

2021-2022 оқу жылындағы Новый орта мектеп -лицейінің " Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы «Ынтымақ, Бірлік. Жастық.» бағдарламасы бойынша жұмысын жалғастырды.

2021 жылдың 1 қыркүйек күні "Кел, балалар оқылық!" атты салтанатты жиында мектеп кеңесінің белсенді мүшелері, "Елбасы медалі" қола медалінің иегерлері Бақдаулетова Назерке , Сағымбай Алтынай, Аманкелдина Шаттық қайта қолданысқа енген "Әліппе" кітабын оқушыларға табыстады.



2021 жылғы 16 қыркүйек күні жалпы білім беретін қала мектептерінің тәлімгерлеріне арналған «Аға тәлімгер - жетекші, ұйымдастырушы, көшбасшы» ұйымдастыру семинары онлайн форматта ұйымдастырылды. Семинар "ZOOM" платформасында өтті. Оған 65 мектептен "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымдарының басшылары қатысты. Семинар барысында 2021-2022 оқу жылына жоспарлар, мақсаттар мен міндеттер айтылды.



Новый орта мектеп-лицейінің 10«Б» класс оқушысы, мектеп кеңесінің белсенді мүшелерінің бірі Жолдыбаева Аида «Киелі табиғат» жобасы аясында өткізілген республикалық “Эко-Life” челленджіне қатысып, 10 000 теңге көлемінде сыйақы иеленді.



2021 жылдың 2 қазан күні "Жас Ұлан" ұйымының белсенді мүшелері "Өнер" орталығында ұйымдастырылған ұстаздар күніне арналған "Ұстаз. Ұлылық. Ұлағат" атты мерекеледе өнер көрсетті.



2021 жылдың 4 қараша күні күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектеп кеңесінің оқушылары Балуаншина Камила, Жандосқызы Асел, Кульметенова Дара, Курбанова Гаухар, Абдрахманова Зарина оқушылар арасында тренингтер өткізді.




2021 жылдың 7 қараша күні оқушыларды туған өлке тарихын білуге, құрметтеуге үйрету, рухани мұрасына көзқарастарын арттыру, патриоттық тәрбие беру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Новый орта мектеп-лицейінің 6-10 класс оқушылары қалалық жас туристер стансасымен бірге Қобда ауданы Жиренқопа ауылында орналасқан «Қобыланды батыр» мемориалдық кешеніне экскурсияға барды.



2021 жылдың 14 қараша күні Ақтөбе ғылыми- тәжірибелік орталығының жоспарына сәйкес қалалық оқушылар Сарайында " Балалар қоғамдық ұйымы- әлеуметтік тәрбиенің кеңістігі" тақырыбында облыстық онлайн семинар- практикум өтті. Семинар спикерлері: Н.Жалғас-ОҒТО әдіскері, А. Суликанова- ҚОС педагог- ұйымдастырушысы, Б.Әбдіқалықова-Новый ОМЛ , С.Камбарова-21 ОМГ аға тәлімгерлері.

Семинарға аудан мектептерінің 70 астам аға тәлімгері қатысты. Семинар барысында педагогтар "Балалар қоғамдық бірлестігін педагогикалық сүйемелдеу", "Қалалық оқушылар Сарайы.Мектеп." Жас Ұлан"- ынтымақтастық жүйесі", "Мектеп Кеңесінің жұмысы", "Ұйым қызметіне арналған бағдарламалар" тақырыптары бойынша ақпарат беріліп, жұмыс тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қатар, топтық жұмыс пен психологиялық жаттығулар

ұсынылды. Семинар- практикум қорытындысы бойынша қатысушылардың пікірлері тыңдалып, әдістемелік ұсынымдар берілді.



2021 жылдың 14 қараша күні мектеп кеңесінің кезекті отырысы өткізілді. Отырыс барысында оқушылардың ойлау қабілетін ширату, жылдамдық, тапқырлығын анықтау мақсатында мектеп кеңесі тренингтер өткізді.



2021 жылдың 20 қараша күні «Ару» қыздар клубының ұйымдастыруымен дастархан жасау мәдениетін қалыптастыр, тағам әзірлеудің қалыптасқан әдістерімен танысу, жеңіл тағам түрлерін дайындау мақсатында "Дұрыс тамақтану- денсаулық кепілі" мастер класс өткізілді.



2021 жылдың 20 қараша күні Новый орта мектеп -лицейінде "Бозбала мен бойжеткен" байқауы өткізілді. Байқауға 9 "Д", 9 "А", 9 "В", 10 "А", 10 "Ә", 10 "Б", 11"А",11 "Ә" кластары қатысты.



Оқушылар сарайының ұйымдастыру - көпшілік бөлімінің ұйымдастыруымен дәстүр бойынша аға тәлімгерлерді "Көкжиек" клубының қатарына қабылдау жиыны өткізілді. Жиын барысында аға тәлімгерлер би биледі, жеке өнерін көрсетті, тәжірибелі аға тәлімгерлер тренинг ұйымдастырды. Кеш соңында бір-біріне естелік сыйлықтар сыйлады.



2021 жылдың 28 желтоқсан күні "Жас ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының қабылдау жиыны өтті. Ұйым қатарына 2 және 5 класс оқушыларынан 145 жас қыран, 147 жас ұлан өтті.



Аға тәлімгер:

Б.Әбдіқалықова